



Біліп сөйлейік

«Тұнық тіл» акциясы «ӘЛЕКЕДЕЙ ЖАЛАНҒАН»

Тілімізде «әлекелей жаланған» дегенген фразеологизмдік тіркес бар. Кейде «әленкелей жаланған/жаландатқан», «әленкідей жаланған/жаландатқан», «әленкелей жаланған/жаландатқан» деп те қолданыла береді. Мағынасы — «сақдай сай тұратын», «шысық», «бермесінді тартып алар» дегенге жақындайды.

Қазақ ақын жазушыларының шығармаларында жоғарыда келтірілген үш нұсқасы да кездеседі. Мысалы:

1. «Әлекелей жаланған».

«Аты жары, әлекелей жаландайды».

Дүрсілдегіп, жерге тұяқтарын қалай басып, желе аяндайды» (Сәкен Сейфуллин. «Бандының руған Хамит»).

«Әлекелей

жаланған бірнеше жігіт аттылы-жаяулы камшыларың көгерге ұмтылғанда, тансық көрген топ бет-бетімен ыдырай қашты... Мен де қаштым...» (Сәбит Мұқанов. «Өмір мектебі»).

«Әр үстелдің үстінде бір-бір машинка. Әр үстелдің басында



«Жер-бақта бейбіт жасар адам қашан?»

«Тұнық тіл» акциясы

Әлдекімше атак іздеп жүтірмейсің сен бірақ Өзіңді-өзің жарнамадап, әлекелей жаланып», (Сәкен Маманов. «Зейіп Қойшыбаеваға»)

2. «Әленкелей жаландатқан»
Келе қалған бізге айғайласа сәлем берген жігіттер — бәрі де жап-жас, қайратты, сом денеші, әленкелей жаландатқан азаматтар екен. (Ғафу Қайырбеков. «Қасиетті жер — Қарқаралы»).

3. «Әленкідей жаланған»
Жаяу-жалпылап қашып келе жатқан топты, егер жол бастаушыларын ешқандай қулығы жасамаса, әленкідей жаланып тұрған, екі жүз атты әскердің жиырма бес күн қуып, қарасында көре алмай қалуы еш мүмкін емес. (Ә.Кекілбайұлы. «Шандоз»).

«Әлекелей әленкелей/әленкідей жалану/жаландату» тіркесінің екінші бөлігі бізге қаншалықты танымал болса, «әлеке» сөзі соншалықты бейтаныс. Бір қарағанда, есімі а немесе ә әріптерінен басталатын әр адамға кездесет

...Бір күні достарымен әңгіме-дүкен құрып отырғанда, гректің ұлы ойшылы Платон данаөй Соқратқа: «Есінде ме, анаутуі сен бір адамның қателігін көпшіліктің көзіңше бетіне бастың. Соны онашада айтуың керек еді», — дейді. Сонда Соқрат: «Ал сен менің сол қателігімді өзіме онашада айтсаң болмас па еді?» — деп жауап берген екен.



Иә, біреудің аяғын шалыс басқанын жұртқа жариялағаннан төрі, жеке өзіне айтқан әлдеқайда дұрысырақ. Бұл тұрғыдан қарағанда, Г-ның әрекеті қате.



Екіншіден, біз — оқушымыз, сондықтан ешбір білім сына-тында көшірмей, барлығын өз білімімізмен тапсырған оқушы болуы мүмкін емес. Болса да, миллионнан бір кездесетін шығар. Мақала авторы Г-ның да көмінде бір сынақта көшіргеніне сенімдімін.

Ақын Төлеген Айбергеновтың: — Мен ойланам: егер түзу өнсеге кей байтерек, Қисықты да тура деп біз қабылдар ма ек, қайтер ек? Егер де сен туралықтар жеңсін десең әлемде, Өзгенердің қисықтығын тура тұрып дәлде, — деп келетін өлеңі бар. Иә, «дүниеде әділдік жеңсін» деген адам алдымен өзі әділ болады. Әділдігі арқалы қисықтардың қисық екенін дәлелдейді. 3-ның ұрпақ көшіріп, қисайып өсіп келе жатқанын көпшілік алдында айту, менің ойымша, жөнсіз. Оны жеке айтып, ұқитқаны әлдеқайда дұрыс.

Алпамыс ФАЙЗОЛЛА,
С.Сейфуллин атындағы №11 мектептің
11-сынып оқушысы.
Орал қаласы